Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар

Мамандығы: 09130200 «Акушерлік іс»
Біліктілігі: 4S09130201 «Акушер»
Оқытудың нормативтік мерзімі: 2 жыл 10 ай
Циклдар мен пәндер индексі: ЖКП 08-Микробиология вирусология негіздерімен
Курс: 1 курс
Семестр: II
Пән: «Микробиология вирусология негіздерімен»
Барлық сағат/кредит көлемі KZ: 96/4
Симуляция: 42

Шымкент, 2025 ж.

«Микробиология, аллергология және иммунология» кафедрасының мәжілісінде қаралды және бекітілді.

Хаттама №1 «27» 08 2025

Кафедра меңгерушісі: Б.Т. Сейтханова

1 – сабақ.

1. Сабақтың тақырыбы: Микробиологияға кіріспе. Микробиологиялық зертхана құрылымы. Микроскоптық зерттеу зерттеу әдістері.

2. Сабақтың мақсаты: Микробиологияға кіріспе. Микробиологияның даму тарихы. Білім алушыларға микробиологиялық лабораторияның құрылымымен, құрал–жабдықтарымен, тағайындалу мақсатымен, жұмыс істеу ережесімен таныстыру.

3.Оқыту міндеттері:

1) Бактериологиялық зертханамен таныстыру.
2) Жұмыс істеу ережелерін меңгеру.
3) Микробиологиялық лабораториядағы кеңінен қолданатын құрал жабдықтармен таныстыру және үйрету.
4) Иммерсионды жарық микроскопта жұмыс істетуді үйрету.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Медициналық микробиология пәнінің анықтамасы.
2. Микробиологиялық лабораториялардың тағайындалу мақсаты.
3. Микробиологиялық және оқу лабораториясының құрылу принциптері.
4. Микробиологиялық лабораторияның жабдықталуы және жұмыс орны.
5. Микроорганизмдерді зерттеуінің микроскопиялық әдістері: иммерсиялық, фазалы-контрастық, интерференциялық, поляризациялық, күңгірт жазықтық, люминесцентті және электронды.

5.Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: семинар.

6.Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу,ауызша сұрау.

7. Әдебиеттер:

Қосымша № 1

8.Бақылау:

Тесттер

1~Арнайы аспапсыз көзге көрінбейтін тірі организмдер туралы ғылым:
@Микробиология
@Биология
@Биотехнология
@Медициналық биология
@Иммунология

2~Микробтардың дамуы мен тіршілігінің жалпы заңдылықтарын, олардың табиғаттағы рөлін зерттейді:
@Жалпы микробиология
@Жеке микробиология
@Ветеринариялық микробиология
@Ауылшаруашылық микробиологиясы
@Өндірістік микробиология

3~Жұқпалы аурулардың негізгі қоздырғыштарының биологиялық қасиеттерін зерттеуді нақтылы қарастырады:
@Жеке микробиология
@Жалпы микробиология
@Ветеринариялық микробиология
@Ауылшаруашылық микробиологиясы
@Өндірістік микробиология

4~Микробиологияның бірінші даму кезеңі:
@Эвристік кезең
@Морфологиялық кезең
@Физиологиялық кезең
@Иммунологиялық кезең
@Молекулалы-генетикалық кезең
5~Микроорганизмдерді алғашқы ашқан зерттеуші:
@А.Левенгук
@Д.Ивановский
@Л.Пастер
@И.Мечников
@Р.Кох
6~Медициналық микробиологияның негізін қалаушы:
@Л.Пастер
@А.Левенгук
@Д.Ивановский
@И.Мечников
@Р.Кох
7~Вирустарды ашқан ғалым:
@Д.Ивановский
@Л.Пастер
@А.Левенгук
@И.Мечников
@Р.Кох
8~Микробтарды өсіру үшін қолданылады:
@Термостат
@Автоклав
@Пастер пеші
@Дистиллятор
@Тоңазытқыш
9~Булы қысыммен стерилдеу үшін қолданылады:
@Автоклав
@Пастер пеші
@Кох аппараты
@Су моншасы
@Центрифуга
10~Пастер пешінде стерилдейді:
@Шыны ыдыстарды
@Резинкалық бұйымдарды
@Физиологиялық ерітінділерді
@Қоректік орталарды
@Синтетикалық бұйымдарды

2-сабақ.

1. Сабақтың тақырыбы: Микроорганизмдердің морфологиясы.

2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға микрорганизмдердің морфологиясымен таныстыру.

3.Сабақтың міндеті: Микроорганизмдердің тыныс алу, қоректену, көбею, өсу процесстерін қоршаған ортамен қарым - қатынас заңдылығын біліп меңгеру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Бактериялардың пішіндері.
2. Бактериялардың өлшемдері мен мөлшерлері.
3. Шар тәрізді бактерияларға сипаттама.
4. Бактерия жасушасының құрылысы.
5. Жасушалық қабырғаның қызметі қандай?
6. Микроорганизмдердің жіктелу формалары.
7. Таксон дегеніміз не?.
8. **Пәннің негізгі формалары/әдістері/технологиясы:** семинар.
9. **Пәннің соңғы ББ жету деңгейін бағалау үшін бақылау түрлері:**

Ауызша сұрау,тестілеу.

7. Негізгі әдебиеттер.

Қосымша № 1

8. Бақылау:

Жағдайлық есеп

Есеп:

Зертханада микробиолог ауыз қуысынан алынған жағындыны микроскоппен зерттеді. Ол домалақ пішінді, бір-бірінен бөлек орналасқан бактерияларды анықтады. Кейбірі жұптасып, кейбірі шоқталып орналасқан.

Сұрақтар:

1. Бұл қандай пішінді бактериялар?
2. Олар қандай терминдермен аталады (жеке, жұп, тізбек, шоқ түрінде)?
3. Қай топқа жататынын және олардың мысалын атаңыз.
4. Бұл бактериялардың адам ағзасында қандай рөл атқаруы мүмкін?

1-сұрақ. Бактериялардың ең негізгі пішіндері қандай?

a) Шар тәрізді, таяқша тәрізді, ирек тәрізді
b) Тек шар тәрізді
c) Тек таяқша тәрізді
d) Спора және капсула
e) Вирустар мен саңырауқұлақтар

2-сұрақ. Бактериялардың өлшемдері көбіне қанша аралықта болады?

a) 1–2 мм
b) 10–50 мкм
c) 0,2–10 мкм
d) 100–200 нм
e) 1–5 см

3-сұрақ. Шар тәрізді бактериялар қалай аталады?

a) Вибриондар
b) Кокктар
c) Спириллалар
d) Бациллалар
e) Споронос

4-сұрақ. Бактерия жасуша қабырғасының негізгі қызметі:

a) Белок синтезін жүргізу
b) Қозғалысты қамтамасыз ету

c) Пішінін сақтау және осмостық қысымнан қорғау
d) Қоректік заттарды ыдырату
e) ДНҚ синтездеу

5-сұрақ. «Таксон» дегеніміз:
a) Жекелеген бактерия жасушасы
b) Микроорганизмнің өлшем бірлігі
c) Биологиялық жіктелудегі жүйелік бірлік
d) Бактерияның морфологиялық формасы
e) Антибиотикке төзімділік формасы

3-сабақ.

1. Сабақтың тақырыбы: Микроорганизмдердің физиологиясы.

2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға микрорганизмдердің физиологиясымен таныстыру.

3.Сабақтың міндеті: Микроорганизмдердің тыныс алу, қоректену, көбею, өсу процесстерін қоршаған ортамен қарым - қатынас заңдылығын біліп меңгеру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

10. Бактериялардың қоректенуі және энергия көзі бойынша жіктелуі.
11. Бактериялардың қоректену механизмнің ерекшіліктері.
12. Бактерия ферменттердің негізгі топтары, оның жіктелуі.
13. Бактериялардың конструктивті зат алмасуы /анаболизм/.
14. Бактериялардың энергиялық зат алмасуының ерекшеліктері /катоболизм/.
15. Аэробты бактериялардың таза дақыл бөліп алу әдістері.
16. Анаэробты бактериялардың дақлдау әдістері.
17. **Пәннің негізгі формалары/әдістері/технологиясы:**семинар.
18. **Пәннің соңғы ББ жету деңгейін бағалау үшін бақылау түрлері:**

Ауызша сұрау,тестілеу.

7. Негізгі әдебиеттер.

Қосымша № 1

8. Бақылау:

1~Бактериялардың тіршілігін, зат алмасуын, қоректенуін және қоршаған ортамен қарым қатынасын зерттейді:
@Бактериялар физиологиясы
@Бактериялар морфологиясы
@Бактериялар номенклатурасы
@Бактериялар экологиясы
@Бактериялар генетикасы

2~Өсуі және көбеюі тек қана оттегі болған жағдайда өтетін микроорганизмдер:
@Облигатты аэробтар
@Облигатты анаэробтар
@Қатаң анаэробтар
@Аэротолеранттылар
@Факультативті анаэробтар

3~Энергияны алу үшін оттегіні қолданбайтын, зат алмасу ашыту арқылы жүретін микроорганизмдер:
@Облигатты анаэробтар
@Облигатты аэробтар
@Қатаң аэробтар

@Микроаэрофилдер
@Факультативті анаэробтар
4~Оттегі бар және оттегі жоқ ортада да өсіп-өнуге қабілетті:
@Факультативті анаэробтар
@Облигатты анаэробтар
@Облигатты аэробтар
@Қатаң аэробтар
@Қатаң анаэробтар
5~Тығыз қоректік орталарда бактерия жасушаларының шоғырлануы аталады:
@Колония
@Штамм
@Клон
@Түр
@Тұқымдас

4-сабақ.

1.Сабақтың тақырыбы: Микроорганизмдер экологиясы.Адам ағзасының микрофлорасы. Дисбактериоз.

2. Сабақтың мақсаты: Білім алушыларға адам ағзасының микрофлорасының құрамын,маңыздылығын оқып білу.

3.Сабақтың міндеті: Адам ағзасының тұрақты және транзиторлы микрофлорасының құрамын, дисбактериоз жағдайын және оны қалпына келтіру жағдайын оқып білу.

4.Тақырыптық сұрақтар:

1.Тері микрофлорасы;
2. Жоғары тыныс жолының микрофлорасы;
3. Ауыз микрофлорасы;
3. Асқазан-ішек микрофлорасы;
4. Зәр шығару-жыныс жолдарының микрофлорасы;

5. Пәннің негізгі формалары/әдістері/технологиясы:семинар,шағын топпен жұмыс.

6. Пәннің соңғы ББ жету деңгейін бағалау үшін бақылау түрлері:
Ауызша сұрау,тестілеу.

7.Әдебиеттер

Қосымша № 1

8.Бақылау сұрақтар:

1. Су-тұз, ақуыз, көмірсу, холестерин алмасуына қатысатын ішек микрофлорасы ... қызметін атқарады.

a) ас қорыту
b) детоксикация
c) антимутагенді
d) антагонисті
e) қорғаныс

2. Ішек микрофлорасының өнімдері- сүт, сірке қышқылдары, антибиотиктер ... қызметін атқарады.

a) антагонистік
b) антимутагендлік
c) детоксикациялық
d) асқорыту
e) қорғаныстық

3. Ағзаның қарсы тұру қабілеті төмендеген кезінде, адамның қалыпты микрофлора өкілдері тудырған ауруды ... деп атайды.
a) аутоинфекция
b) реинфекция
c) экзогенді инфекция
d) суперинфекция
e) аралас инфекция
4. Макроорганизмде ұзақ өмір сүре алмайтын микрофлора ... деп аталады.
a) транзиторлы
b) эндогенді
c) аутохтонды
d) облигатты
e) резидентті
5. Микроорганизмдердің ауада таралуында микрофлора жоғары маңызға ие ... .
a) тыныс жолдарының шырышты қабаты
b) ас қорыту жолдарының кілегейлі қабаты
c) ауыз қуысының кілегейлі қабаты
d) асқазанның кілегейлі қабаты
e) терілер
6. Қалыпты микрофлора қызметінің жойылуынан ... туындайды.
a) дисбактериозда
b) эубиозда
c) реинфекцияда
d) суперинфекцияда
e) рецидивте
7. Дисбактериозды коррекциялау үшін ... қолданады.
a) лактобактерин
b) ремантадин
c) интерферон
d) колифаг
e) пенициллин
8. Қалыпты микрофлора өкілдерімен шақырылатын инфекция:
a) эндогенді инфекция
b) суперинфекция
c) моноинфекция
d) реинфекция
e) экзогенді инфекция
9. Тоқ ішекте өмір сүретін барлық микроорганизм түрлерінің ішінде 95% ... құрайды.
a) анаэробтар
b) аэробтар
c) қатаң аэробтар
d) гетеротроптар
e) паразиттер

5-сабақ.

1.Сабақтың тақырыбы: Санитарлық микробиология. Залалсыздандыру әдістері
2. Сабақтың мақсаты:

- Санитарлық микробиологияның маңызын және оның гигиена, эпидемиологиядағы рөлін түсіндіру.
- Залалсыздандырудың негізгі әдістерін (физикалық, химиялық, механикалық, биологиялық) меңгерту.
- Инфекцияның алдын алуда залалсыздандырудың қажеттілігін көрсету

3.Сабақтың міндеті:

- Санитарлық микробиологияның зерттеу нысанын анықтау.
- Дезинфекция, стерилизация, антисептика ұғымдарын ажырату.
- Залалсыздандыру әдістерін жіктеп, әрқайсысының ерекшелігін түсіндіру.
- Әртүрлі объектілерде (су, ауа, тағам, құрал-жабдықтар) қолданылатын дезинфекциялық тәсілдерді талдау.
- Санитарлық микробиологияның қоғамдық денсаулықтағы маңызын бағалау.

4.Тақырыптық сұрақтар:

1. Санитарлық микробиология дегеніміз не?
2. Залалсыздандырудың мақсаты мен маңызы қандай?
3. Дезинфекция және стерилизацияның айырмашылығы.
4. Физикалық әдістер: қайнату, автоклавтау, ультракүлгін сәуле, фильтрация.
5. Химиялық әдістер: антисептиктер, дезинфекциялық ерітінділер.
6. Механикалық әдістер: сүзу, шаю.
7. Биологиялық әдістер: бактериофагтарды қолдану.
8. Залалсыздандыру әдістерін таңдау принциптері.
9. Қауіпсіздік ережелері мен санитарлық бақылау шаралары.

5. Пәннің негізгі формалары/әдістері/технологиясы:семинар,шағын топпен жұмыс.

6. Пәннің соңғы ББ жету деңгейін бағалау үшін бақылау түрлері:
Ауызша сұрау,тестілеу.

7.Әдебиеттер

Қосымша № 1

8.Бақылау сұрақтар:

1-сұрақ. Стерилизация дегеніміз:
a) Микроорганизмдердің тек патогенді түрлерін жою
b) Барлық микроорганизмдер мен олардың споралары толық жою
c) Қоршаған ортадағы микроб санын азайту
d) Химиялық ерітінділерді қолдану
e) Вирустарды ғана жою

2-сұрақ. Дезинфекция мен стерилизацияның басты айырмашылығы:
a) Дезинфекцияда құралдар қолданылады, стерилизацияда қолданылмайды
b) Дезинфекция микроорганизмдерді толық жояды
c) Стерилизация толық жояды, дезинфекция тек патогенді түрлерін азайтады
d) Дезинфекция тек физикалық әдістерді қолданады
e) Стерилизация тек химиялық заттармен іске асады

3-сұрақ. Қай әдіс физикалық стерилизацияға жатады?
a) Хлорлы әк ерітіндісімен өңдеу
b) Формалин қолдану
c) Автоклавтау
d) Спиртпен сүрту
e) Йодпен өңдеу

4-сұрақ. Химиялық дезинфекцияда жиі қолданылатын заттар:
a) Ультракүлгін сәуле, қыздыру

b) Автоклав, қайнату
c) Хлорлы қосылыстар, формалин, спирт
d) Бактериофагтар
e) Механикалық сүзу

5-сұрақ. Биологиялық әдіске мысал:
a) Ультракүлгін сәуле қолдану
b) Автоклавпен өңдеу
c) Химиялық заттармен залалсыздандыру
d) Бактериофагтарды пайдалану
e) Қайнату

Жағдайлық есеп

Хирургиялық бөлімшеде операциялық құралдар қолданар алдында арнайы өңдеуден өтеді. Бірақ дезинфекциядан кейін бір науқаста іріңді асқыну байқалды. Тексеру барысында құралдардың тек спиртпен сүртілгені анықталды.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда қандай қателік жіберілген?
2. Құралдарды өңдеудің дұрыс әдісі қандай болуы тиіс еді?
3. Дезинфекция мен стерилизацияның айырмашылығын осы мысал арқылы түсіндіріңіз.
4. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін қандай санитарлық шаралар жүргізілуі керек?

6-сабақ

1. Тақырыбы: Микродене генетикасы. Биотехология. Гендік инженерия.

2. Сабақтың мақсаты: Бактериялардың генетикасы. Бактерияларды дақылдандыру. Вирустарды бөліп алуды түсініп меңгеру .

3. Оқыту міндеттері: Трансформация, трансдукция және конъюгация тәжірибесінде бактериялардағы генетикалық рекомбинациялар туралы түсінікті қалыптастыру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1.Бактериялар генетикасының ерекшеліктері – бұл олардың табиғатта түр ретінде ең басты сақталу шартының бірі ретінде.
2.Бактериялардағы ДНҚ репликациясының ерекшеліктері, олардың типтері - вегетативті, конъюгативті, сексдукция.
3.Бактериялардың генетикалық информациясының регулярлық ерекшелігі
4.Трансформация және трансфекция.
5.Трансдукция және сексдукция.
6.Конъюгация.
7.Өзгергіш генетикалық элементтер, олардың класстары.
8.Бактериялардың хромосомалық картасы, геномдардың ұйымдасуын зерттеу.
9.Өте қарапайым ағзалар ретінде бактериялардың плазмидтері.
10. Мутация және оның жіктелуі.
11. Бактериялардың модификациясы өзгергіштігінің сипаты және өзгеруді анықтайтын белгілер.
12. Бактериалдық жасушадағы репарация процессі.
13. Бактериялардың диссоциациясы, оның биологиялық маңызы.
14. Медициналық микробиологияда гендік инженерия.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кеңейтілген әңгіме.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, сауалнама жүргізу (жазбаша сұрау).

7. Әдебиет:
Қосымша №1
8. Бақылау.
Тесттер:
~Вирустың жасушамен қарым-қатынасы басталады:
@Вирустың жасушаға адсорбциясымен
@Вирустың жасушаға енуімен
@Вирус компонентерінің жасушадағы биосинтезімен
@Вирустардың құралуымен
@Вирустардың жасушадан шығуымен
~Тұқымқуалаушылықтың жойылуы немесе нақты бір белгісінің өзгеруімен айқындалатын, ДНҚ-ның бірінші реттік құрылымының өзгерісі:
@Мутация
@Репарация
@Диссоциация
@Модификация
@Рекомбинация
~Генетикалық материалдың донордан реципиентке жанасу кезінде берілуі:
@Конъюгация
@Трансдукция
@Трансформация
@Диссоциация
@Репарация
~Бактериялық ДНҚ-ның әлсіз бактериофаг арқылы берілуі:
@Трансдукция
@Конъюгация
@Трансформация
@Диссоциация
@Репарация
~Бактериялардан бос ерітілетін түрде бөлінетін ДНҚ-ы бактерия-рецепиентке берілуі:
@Трансформация
@Конъюгация
@Трансдукция
@Диссоциация
@Репарация

7-сабақ

1. Тақырыбы: Микробқа қарсы препараттар. Бактерияның дәріге тұрақтылық механизмдері. Вирусты жұқпалардың химиотерапиясы..
2. Сабақтың мақсаты:. Антибиотиктер терапиясының эффективтілігін анықтау әдісін игеру. Бактериялардың антибиотиктерге сезімталдығын анықтау.
3. Оқыту міндеттері: Антибиотиктердің негізгі топтарының әсер ету механизмдері туралы түсінік беру, бактериялардың антибиотиктерге сезімталдылығын сандық және сапалық әдістер арқылы анықтау
4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Химиотерапевтикалық препараттарға анықтама беріңіз.ХТП-ға жалпы сипаттамалар беріңіз.

2. ХТП негізгі топтары, атап өтіңіз?
3. “Антибиотик” терминіне анықтама беріңіз. Антибиотиктердің шығу табиғатына, химиялық құрамына, әсер ету механизі бойынша жіктелуі.
4. Антибиотиктердің микроорганизмдерге әсер ету спектрі бойынша жіктелуі.
5. Бактериялардың дәріге тұрақтылығы, оны жою жолдары.
6. Вирустардың ХТП-ға тұрақтылығын біріншілік себебі. Вирустық инфекция емдеудегі ХТП-ның аз қолдану себептері.
7. Инфекциялық ауруларды емдеудегі антибиотикотерапиялық жанама әсері.
8. Бактериялардың антибиотиктерге сезімталдығын анықтау әдістері.
9. Микробиологияда және медицинада әртүрлі температура параметрлерін практика жүзінде қолдану.
10. Медицинада және микробиологияда физикалық фактордың маңызы /РН/ орталардың реакциясы, ылғал не болмаса кептіру иондық радиация, ультрадыбыс және қысым.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кеңейтілген әңгіме.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, сауалнама жүргізу (жазбаша сұрау).

7. Әдебиет:

Қосымша №1

8. Бақылау.

1. Науқастан бөлінген дақылдың антибиотиктерге деген сезімталдығын анықтады. Полипептидті антибиотиктерге-полимиксинге және ристамицинге қоректік агарда диск бойынша қайталап зерттегенде тұрақтылық байқалады. Бірақ сериялы түрде араластырғаннан кейін осы микроорганизмдерде антибиотиктерге сезімталдығын өте төменгі концентрацияның өзінде байқалды. Осы зерттеу әдістерінде сезімталдықтың әртүрлі болу себебін дәлелдеңіз.

2. М. науқасының сарысуынан бөлінген микроорганизмдер пенициллиннің терапевтикалық дозасына сезімтал стрептомициннің максимальды дозасына ғана сезімтал. К. науқастан бөлінген дақыл гентамициннің максимальды концентрациясына сезімтал емес. Аурулардан бөлінген дақылдардың АБ деген сезімталдылық дәрежесін анықтаңыз.

3. Аурудан дақылы бөлінді. Осы қоректік ортада диск әдісі бойынша зерттегенде пеницилинге сезімтал болып шықты. Бір тәуліктік инкубациядан кейін аурудан бөлінген дақылдың қасында стандартты штамы өсіп шықты. Неге стафилококтың пеницилинге сезімтал стандартты штамы өсіп шықты?

8-сабақ

1. Тақырыбы: Иммунитет. Имунитет туралы ілім. Антиген. антидене. Иммунитет. Имунитет туралы ілім. Антиген. антидене.

2. Сабақтың мақсаты: Иммунитет ұғымын, оның түрлерін және ағзаны қорғаудағы рөлін түсіндіру.Антиген мен антиденеңің қасиеттерін, өзара әрекетін меңгерту. Иммундық жүйенің негізгі принциптерін және оның ағзадағы маңызын ашу

3. Оқыту міндеттері:

1) Иммунитеттің анықтамасын беру, туа біткен және жүре пайда болған түрлерін ажырату.
2) Антигендердің негізгі қасиеттерін сипаттау (иммуногендік, антигендік, спецификалық).
3) Антиденелердің құрылымын және қызметін түсіндіру.
4) Иммундық жауап кезеңдерін талдау.

5) Иммунитет туралы ілімнің дамуына үлес қосқан ғалымдарды білу (Пастер, Мечников, Кох)

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1) Иммунитет дегеніміз не, оның түрлері қандай?
2) Туа біткен және жүре пайда болған иммунитеттің айырмашылығы.
3) Иммунитет туралы ілімнің даму тарихы.
4) Антиген ұғымы және оның қасиеттері.
5) Антиденелердің құрылысы мен қызметі.
6) Иммундық жүйенің ағзадағы рөлі.
7) Иммундық жауап кезеңдері.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кеңейтілген әңгіме.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, сауалнама жүргізу (жазбаша сұрау).

7. Әдебиет:

Қосымша №1

8. Бақылау.

1-сұрақ. Иммунитет дегеніміз:
a) Микроорганизмдердің көбеюі
b) Ағзаның зиянды факторларға қарсы тұру қабілеті
c) Антибиотиктердің әсері
d) Вирустардың тіршілігі
e) Бактериялардың морфологиясы

2-сұрақ. Антигеннің негізгі қасиеттерінің бірі:
a) Белок синтездеу
b) Иммундық жауап туғызу
c) Жасушаның энергия өндіруі
d) Лизосомаларды белсендіру
e) Фагоцитозды тежеп тастау

3-сұрақ. Антиденелерді қандай жасушалар түзеді?
a) Т-лимфоциттер
b) Эритроциттер
c) В-лимфоциттер (плазмоциттер)
d) Нейтрофилдер
e) Моноциттер

4-сұрақ. Жүре пайда болған иммунитеттің ерекшелігі:
a) Тұқым қуалайды
b) Туа беріледі
c) Өмір бойы тұрақты сақталады
d) Инфекциямен ауыру немесе вакцинация арқылы қалыптасады
e) Тек жануарларда болады

Жағдайлық есеп

Науқас дифтерияға қарсы вакцина алған соң бірнеше айдан кейін осы ауруға шалдықпайды.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда иммунитеттің қай түрі қалыптасты?
2. Қандай антиген әсер етті?
3. Ағзада қандай антиденелер пайда болды?

4. Бұл иммундық жауаптың биологиялық маңызы неде?

9-сабақ

1. Тақырыбы: Инфекция. Инфекция туралы ілім.

2. Сабақтың мақсаты:.

- Инфекция туралы негізгі ұғымдарды меңгерту.
- Инфекцияның даму кезеңдері мен түрлерін түсіндіру.
- Инфекцияның алдын алу және бақылау шараларын талдау.

3. Оқыту міндеттері:

- «Инфекция» ұғымына және оның тарихи дамуына түсінік беру.
- Инфекцияның көзі, берілу жолдары және механизмдерін қарастыру.
- Инфекциялық процесс кезеңдерін (инкубациялық, бастапқы, өршу, сауығу) түсіндіру.
- Инфекциялардың түрлерін (жедел, созылмалы, латентті) ажырата білу.
- Қорғаныс факторлары мен иммунитет рөлін түсіндіру.
- Қоғамдық денсаулық сақтауда инфекцияның алдын алу шараларының маңызын көрсету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Инфекция дегеніміз не? Тарихи тұрғыдан зерттелуі.
2. Инфекциялық аурулардың негізгі ерекшеліктері.
3. Инфекция көзі, берілу жолдары және таралу факторлары.
4. Инфекциялық процесс кезеңдері.
5. Инфекция түрлері (жедел, созылмалы, латентті, қайталалатын).
6. Организмнің инфекцияға қарсы қорғаныс факторлары.
7. Иммунитет және оның инфекциядағы рөлі.
8. Қоғамдық денсаулық сақтауда инфекцияның алдын алу шаралары.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кеңейтілген әңгіме.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, сауалнама жүргізу (жазбаша сұрау).

7. Әдебиет:

Қосымша №1

8. Бақылау.

1) Оқушы 5 жаста, балада су құбырынан ішімдік су ішкеннен кейін іш өту белгілері пайда болды. Қандай инфекция көзі мен берілу жолын анықтауға болады?
2) Ауруханадағы бірнеше науқаста бірдей симптомдар байқалды. Инфекцияның берілу факторларын көрсетіңіз.
3) Инфекциялық процесс кезеңдерін клиникалық мысал арқылы түсіндіріңіз.

10-сабақ.

1.Сабақтың тақырыбы: Жеке микробиология. Іріңді -қабыну ауруларының қоздырғыштары. Грам оң кокктар (стафилококк,стрептококк).Грамм теріс(менингококктар,гонококктар).

2.Сабақтың мақсаты: **:** Білім алушыларға іріңді қабыну ауруларының қоздырғыштарының биологиялық ерекшеліктері мен морфологиясын біліп , оқып үйрету.

3.Сабақтың міндеті: Іріңді қабыну ауруларының қоздырғыштарының эпидемиологиясы, патогенезі, клиникасы, зертханалық нақтамалануы, микробиологиялық диагностикалау тәсілдері, алдын алу және емдеу шаралары меңгеру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Стафилококтың морфологиясы, дақылдық қасиеттері.
2. Стафилококтардың биохимиялық активтілігі және антигендік қасиеттері.
3. Стафилококтардың патогендік факторлары.
4. Стрептококтардың биохимиялық активтілігі және антигендік қасиеттері.
5. Стрептококтардың патогендік факторлары.

6.Стрептококты инфекцияның резистенттілігі, эпидемиологиясы және иммунитеті.

7.Менингококктың биохимиялық активтілігі және антигендік қасиеттері

8. Менингококктың патогендік факторлары.

9. Менингококктың қоздырғыштарының резистенттілігі, эпидемиологиясы және иммунитеті.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кеңейтілген әңгіме.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, сауалнама жүргізу (жазбаша сұрау).

7. Әдебиет:

Қосымша №1

8. Бақылау.

Жағдайлық есеп

1. Жасөспірім науқас жедел жәрдемге дене қызуының 39,5 °С дейін көтерілуіне, қатты бас ауыруына, жүрек айнуына және мойын бұлшықеттерінің қатайып, желке тұсының ауырсына иілуіне байланысты жеткізілді. Дәрігер қарау барысында: теріде ұсақ қанталаулар (геморрагиялық бөртпелер) байқалды. Қанда лейкоцитоз анықталды. Жұлын сұйықтығын зерттеу кезінде грам-теріс қосақталған кокктар табылды.

Сұрақтар:

1. Бұл клиникалық жағдайда қандай қоздырғыш күдік туғызады?
2. Қай топқа жатады (грам-оң немесе грам-теріс)?
3. Негізгі жұғу жолын көрсетіңіз.
4. Аурудың негізгі клиникалық белгілерін атаңыз.
5. Зертханалық диагностика үшін қандай әдістер қолданылады?
6. Емдеу үшін қандай антибиотиктер немесе терапия тәсілдері қолданылады?

2. 25 жастағы әйел адамда босанудан кейінгі кезеңде жарақат орнында іріңді қабыну дамыды. Жарадан алынған іріңнің бактериологиялық себіндісінде алтын түсті колониялар өсті. Грам бойынша бояуда — грам-оң кокктар шоқталып орналасқан.

Сұрақтар:

1. Қандай қоздырғыш анықталды?
2. Бұл микроорганизмнің морфологиялық ерекшелігі қандай?
3. Қай топқа жатады?
4. Іріңді-қабыну процесін тудыру механизмін түсіндіріңіз.
5. Қандай зертханалық әдістер диагнозды нақтылауға қолданылады?
6. Қандай алдын алу шаралары қажет?

11-сабақ

№1 Аралық бақылау сұрақтары:

1. Микроскоптың түрлерін және микроскоптау амалдарын атаңыз;
2. Жасанды қоректік орталардың негізгі ингридиенттері.
3. Элективті /селективті/ қоректік орталар, оның тағайындалуы.
4. Дифференциалды-диагностикалық қоректік орталардың құрамы мен қолданылуы.

5. Бактерияларды дақылдау тәсілдері: стационарлы тәсіл және аэрациямен терең дақылдау тәсілі.
6. Микроорганизмдердің таза дақылын бөліп алу мақсаты.
7. Бактериялардың таза дақылын бөліп алу этаптары.
8. Аэробты бактериялардың таза дақылын бөліп алу әдістері.
9. Анаэробты бактериялардың таза дақылын бөліп алу әдістері.
10. Бактериялардың тығыз, сұйық, қоректік орталарға дақылдау қасиеттері, олардың диагностикалық маңызы.
11. Метаболизм-бактерия клеткасында өтетін биохимиялық реакциялары, метаболизмнің екі жағы.
12. Бактериялардың қоректенуі және энергия көзі бойынша жіктелуі.
13. Бактериялардың қоректену механизмнің ерекшіліктері.
14. Бактерия ферменттердің негізгі топтары, оның жіктелуі.
15. Бактериялардың конструктивті зат алмасуы /анаболизм/.
16. Бактериялардың энергиялық зат алмасуының ерекшеліктері /катоболизм/.
17. Бактериялардың өсуі мен көбеюі. Бактерия популяциясының сұйық қоректік ортада көбею фазасы.
18. Спецификалық, микробиологиялық терминдерге түсініктеме беріңіз: “түр”, “штамм”, “клон”, “колония”, “таза дақыл”.
19. Бір белгі бойынша бөлінетін /морфологиялық, биологиялық, патогендік, антигендік т.б./; бір түр ішіндегі бактериялардың штаммдары.
20. Микроорганизмдердің таза дақылын бөліп алудың мақсаты.
21. Бактериялардың таза дақылдарын бөліп алу этаптары.
22. Аэробты бактериялардың таза дақыл бөліп алу әдістері.Анаэробты бактериялардың дақылдау әдістері.
23. .Топырақ,ауа, судың микробиологиялық сынамаларын атаңыз
24. Бактериялардың модификациясы өзгергішітігінің сипаты? өзгеруді анықтайтын белгілер.
25. ХТП-ға жалпы сипаттамалар беріңіз.
26. ХТП негізгі топтары, атап өтіңіз?
27. Антибиотиктердің микроорганизмдерге әсер ету механизі бойынша жіктелуі.
28. Стафилококтың морфологиясы, дақылдық қасиеттері.
29. Стафилококтардың патогендік факторлары.
30. Стрептококтардың биохимиялық активтілігі және антигендік қасиеттері.

12-сабақ.

1. Тақырыбы: Бактериалдық ішек жұқпаларының қоздырғыштары (эшерихиоз, дизентерия, іш сүзегі, сальмонеллез, тырысқақ). Кампилобактериялар. Хеликобактериялар**.**

2. Сабақтың мақсаты: Ішек инфекцияларының бактериологиялық және серологиялық диагностикасын жүргізе білу.

3.Сабақтың міндеті:

1. Зерттелінетін материалды дұрыс ала білу.
2. Кампилобактериялар мен геликобактериялардың морфологиялық жіктелуі мен дақылдық қасиеттерін.
3. Кампилобактериялардың мен геликобактериялардың биохимиялық қасиеттері мен антигендік құрылысын.
4. Кампилобактериялардың және геликобактериялардың резистенттілігі мен эпидемиологиясын.

5. Кампилобактериялер және геликобактериялардың патогенділігі, клиникасы мен иммунитетін.
6. Ішек инфекцияларының микробиологиялық диагностикасының схемасын қолдана білу.
7. Ішек инфекцияларының бактериологиялық және серологиялық диагностикасын жүргізе білу.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Ішек таяқшасының морфологиялық, дақылдық қасиеттері**.**
2. Сальмонелла туысына жалпы сипаттама. Жіктелу.
3. Іш сүзегі мен паратиф қоздырғышының морфологиялық, дақылдық белгілері.
4. Іш сүзегі мен паратиф қоздырғышының биохимиялық қасиеттері және антигендік құрылымы.
5. Vibrio туысының классификациясы,морфологиясы және дақылдық қасиеттері.
6. Вибриондардың биохимиялық және антигендік құрылымы.
7. Вибрионның патогендік факторлары
8. Кампилобактериоздардың лабораториялық диагностикасы.
9. Кампилобактериоздардың емделуі мен алдын алу.
10. Ішек иерсинияларының биологиялық қасиеттері.
11. Иерсиниоздың лабораториялық диагностикасы.

5. Пәннің соңғы ОН жетуге арналған оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: семинар.

6. Пәннің соңғы ОН жету дәрежесін бағалауға арналған бақылау түрлері: тестілеу, ауызша сұрау.

7. Әдебиет:

Қосымша № 1

8.Бақылау:

1Термолабилді ақуызды экзотоксин – холерогенді түзеді:
@Тырысқақ вибрионы
@Шигеллалар
@Сальмонеллалар
@Кампилобактериялар
@Хеликобактериялар

2 Асқазан ойық жарасы және созылмалы гастритпен ауыратын науқастардан ұдайы бөлінеді:
@Helicobacter pylori
@Salmonella typhi
@Shigella boidii
@Escherichia coli
@Salmonella enteritidis

3~Сальмонеллезге тән таралу механизмі:
@Фекалды-оралды
@Трансмиссивті
@Ауалы-тамшылы
@Жыныстық қатынас
@Вертикалді

4~Эшерихиозды диагностикалауда негізгі зерттеу әдісі:
@Бактериологиялық

@Бактериоскопиялық
@Серологиялық
@Биологиялық
@Аллергиялық
5~Сальмонеллаларды өсіруде оптималды температура:
@37°С
@27°С
@25°С
@18°С
@0°С
6~Эшерихиозға тән таралу механизмі:
@Фекалды-оралды
@Трансмиссивті
@Ауалы-тамшылы
@Жыныстық қатынас
@Вертикалді
7~Эшерихиоздың негізгі таралу жолы:
@Тағамдық
@Ауа-тамшылы
@Ауа-шаң
@Қан арқылы
@Жыныстық қатынас
8~Эшерихиоз кезінде зерттеуге алынатын негізгі материал:
@Нәжіс
@Қақырық
@Экссудат
@Транссудат
@Ликвор
9~Іш сүзегімен ауыру жиі кездеседі:
@Жаз бен күзде
@Күз бен қыста
@Қыс пен көктемде
@Күз бен көктемде
@Жаз бен қыста
10~Іш сүзегі қоздырғышының ену қақпасы:
@Ауыз арқылы
@Тыныс алу жолдары арқылы
@Тері арқылы
@Көз арқылы
@Жыныс мүшелері арқылы

13-сабақ.

1.Сабақтың тақырыбы: Ауа-тамшылы жұқпа қоздырғыштары (туберкулез, көкжөтел, дифтерия).

2.Сабақтың мақсаты: Туберкулез, дифтерия , көкжөтел ауа- тамшы инфекция қоздырғыштарының микробиологиялық диагностикалау әдістерін қарастыру.

3.Сабақтың міндеті: Ауа тамшы инфекцияның морфологиялық ерекшеліктерін, эпидемиологиясын патогенезін және клиникалық көріністерін;бактериоскоптық, бактериологиялық зерттеу әдістерін оқып меңгеру.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Ауа- тамшы жолдарымен берілетін аурулардың түрлерін атаңыз;
2. Ауа- тамшы жолдарымен берілетін аурулардың;
3. Туберкулез бактериялалардың дақылдау әдістері.
4. Туберкулез микобактерияларының биохимиялық қасиеті және антигендік құрылымы.
5. Туберкулез микобактерияларының төзімділігі және эпидемиологиясы.
6. Туберкулез патогенезінің ерекшеліктері.
7. Туберкулез кезіндегі иммунитетің ерекшеліктері
